



ТУРАН-ҚАЗАЛЫ

№57
(2228)
Сәрсенбі
3 шілде
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

МАРХАБАТ ЖАЙЫМБЕТОВ АУДАНДАҒЫ БІРҚАТАР ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының өңірлерге сапары аясында Мәжілістегі «AMANAT» фракциясының мүшесі Мархабат Жайымбетов Қазалы ауданына жұмыс сапарымен келді. Халық қалаулысы аудандағы жаңадан салынып жатқан бірқатар құрылыс нысандарының жұмысымен танысты.

Мәжіліс депутаты аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбетпен бірге Әйтеке би кентіндегі «Жеңіс» саябағындағы спорт кешенінің құрылыс жұмыстарын көрді. Сонымен қатар, Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығындағы халықтың әлеуметтік осал топтары үшін салынып жатқан 154 пәтерлі 77 үйдің құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.

Мәжіліс депутатына тұрғын үйлердің құрылыс жұмыстары туралы аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаев айтып берді.

Мұнан соң М.Жайымбетов Бекарыстан би мен Қожабақы ауылдарындағы спорт кешендерінің құрылысын аралады.

Бүгінгі таңда Бекарыстан би аулында бой көтерген спорт кешені құрылысының жер қазу, іргетасын қалау жұмыстары аяқталуға жақын. Ал, Қожабақы аулындағы кешеннің іргетасын қалау үшін жерін әзірлеу және басқа да жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов аталмыш нысандардың



құрылыс жұмыстары алдағы мердігерлерге құрылыстың ең уақытта өзінің тікелей назарында болатынын айтып, керектігін ескертті.

ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТТАРЫ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНА КЕЛДІ



Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты және Мәжілісі депутаттарының өңірлерге жұмыс сапарлары басталды. Осыған орай ауданға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары: Мархабат Жайымбетов, Серік Егізбаев, Ерболат Саурықов, Жигули Дайрабаев жұмыс сапарымен келді.

Халық қалаулылары ауданға жұмыс сапарын «Рза» акционерлік қоғамының жұмысымен танысудан бастады. Акционерлік қоғамының жұмыстары туралы «Рза» акционерлік қоғамының президенті

Самұрат Имандосов баяндады.

Сонымен қатар, Мәжіліс депутаттары «Рза-СҮТ» зауытына барып, Сыр өңірінің халқына танымал «Дәмді» сауда маркасының өнімдерін көрді.

Айта кетейік, халық қалаулылары жұмыс сапары аясында аудандағы бірқатар әлеуметтік, кәсіпкерлік және құрылыс нысандарын аралап, ондағы орын алған мәселелерді шешу жолдарын талқыламақ.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ЖУРНАЛИСТЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің төл мерекесіне орай журналистика саласының ардагерлері, жергілікті басылымда қызмет істеп жүрген журналистер қауымымен кездесіп, кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында дөңгелек үстел түрінде өткен шарада аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет журналистер қауымын төл мерекесімен құттықтап, олардың бүгінгі қоғамдағы атқарып жүрген елеулі еңбектерін тілге тиек етті.

Дөңгелек үстелде аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің



бас редакторы Раушанбек Сейтенов, ардагер журна- лист Қасқырбек Мәмбетжан, Әлем халықтары Жазушы-

лар Одағының мүшесі, ақын Алмагүл Қаржаубаева, ардагер тілші Жеткербай Махамбетов баспасөз саласына қатысты ой-пікірлерін ортаға салып, құрмет көрсеткені үшін аудан әкіміне ризашылығын білдірді.

Мерекелік шарада аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет аймақтық «Тұран-Қазалы», аудандық «Қазалы» газеттері, «Серік ТВ» арнасының бір топ қызметкеріне облыс әкімінің, облыстық қоғамдық даму басқармасының, аудан әкімінің «Алғыс хаттарын» табыстады.

Ұлпан ІБРАШ, «Тұран-Қазалы»

14 ШІЛДЕ – ӨКІЛЕТТІГІ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТЫЛҒАН ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

Әйтеке би кентінің әкіміне кандидат Абиев Алиби Бериковичтың ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Абиев Алиби Берикович 1978 жылы 8 маусымда Қызылорда облысының Арал ауданы, Арал қаласында дүниеге келдім.

1995 жылы №81 Қызылжар орта мектебін бітірдім. Сол жылы Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институтына түсіп, 1999 жылы Қызылорда мемлекеттік университетін экономист мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолымды 1999 жылы Қазалы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінде экономист маманы болып бастадым.

2000-2005 жылдары Қазалы ауданы әкімі аппараты құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы, 2005-2008 жылдары Әйтеке би кенті

әкімінің орын-басары, 2008-2011 жылдары Қазалы аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бастығы, 2011-2012 жылдары Қазалы ауданы әкімінің орынбасары, 2012-2017 жылдары Қазалы аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы, 2017-2018 жылдары Әйтеке би кентінің әкімі, 2018-2019 жылдары Қазалы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы,

жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы, 2019-2020 жылдары Қазалы ауданының ішкі саясат бөлімінің басшысы, 2020-2021 жылдары Қазалы ауданы әкімінің орынбасары, 2021-2023 жылдары Қазалы аудандық қаржы бөлімінің басшысы қызметтерін атқардым.

Ал, 2023 жылдың ақпан айынан бастап осы кезге дейін Қазалы ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы болып қызмет атқарып келемін.

Тұрғылықты және тіркелген мекен-жайым: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Т.Берікұлақов тұйығы №1 үй.

Әйтеке би кентінің әкіміне кандидат Абиев Алиби Бериковичтың сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Құрметті Әйтеке би кентінің сайлаушылары!

Алдағы уақытта Әйтеке би кентінің әкімі болып сайланған жағдайда Әйтеке би кентінің әлеуметтік-экономикалық дамуын қалыптастыру бағытында алға қойған міндеттер мен атқаратын жұмыстарымды, яғни төмендегідей сайлауалды бағдарламамды әзірлеп, Сіздерге ұсынып отырмын:

-Халықтың өмір сүру сапасын арттыру және тұрғындардың кент әкімдігі тарапынан көрсетілетін қызметтерге тең қол жеткізуін қамтамасыз ету;

-Әйтеке би кентінің көше жолдарын қайта жаңғырту, тозығы жеткен электр желілерін толықтай жаңарту, жаяу жүргіншілер жолы мен жарықтандыру мәселелерін шешуге басым бағыт беру;

-Әйтеке би кентінің жаңадан пайдалануға берілген тұрғын аймақтарын, көп қабатты үйлер орналасқан мөлтек аудандарды кәріз желісіне қосу үшін кәріз жүйесін кеңейту және қолданыстағы желілерді қайта жаңғыртуға байланысты жобаларды іске асыруға атсалысамын;

-Жұмыссыздықты азайту бағытында шағын кәсіпкерлікті дамыту, оның ішінде мемлекет тарапынан қаржы-несиелік қолдаулар мен жастардың мемлекеттік гранттар алу арқылы, өз кәсібін ашуға қолдау көрсетемін;

-Әйтеке би кентінің батыс бетіндегі (5 кварталдағы) тұрғындардың темір жол өткелінен қатынауы қиындық тудырып отырғандықтан кенттің шығыс беткейінен аспалы көпір немесе жер асты өткелін салу жобасын үйлестіремін;

-Әйтеке би кентінің санитарлық тазалығын жақсартуды және таза әрі жасыл желекке бөленуіне бар күш жігерімді жұмсап, көшелерге аяқсу жеткізілуін қамтамасыз ету,

«Жеңіс» саябағы мен алаңдарды тұрғындардың тұрақты демалыс орнына айналдыру;

-Азық түлік қауіпсіздігін сақтау, тұрғындардың өзін-өзі бау-бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында бақша, көкөніс егумен айналысатын тұрғындарды қажетті жер телімдерімен, аяқ су жүйелерімен қамтамасыз ететін боламын;

-Тұрғындарды спортпен айналысуға, салауатты өмір сүруге бағыт бағдар беріп, жаңа спорттық кешендерінің бой көтеруіне, түрлі спорттық іс-шаралар өткізілуіне және спорт түрлерімен айналысушы жастарға қолдау көрсетемін;

-Кент аумағындағы құқық бұзушылықтың және түрлі қылмыстық іс әрекеттің алдын алу мақсатында көшелер мен аулаларға және халық көп шоғырланатын аймақтарға, сонымен қатар халықтың күл қоқыстарды бей берекет тастауын бақылау мақсатында шет аймақтарға бейне бақылау камераларын орнататын боламын;

-«AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты» жобасына сәйкес Әйтеке би кентіндегі кәсіп ашамын деген азаматтардың, шаруа қожалықтарының, ауыл шаруашылық өндірістік кооперативтерінің жеңілдетілген несие алуына тиісті орындар арқылы жәрдемдесемін;

Құрметті ағайын!
Қымбатты Әйтеке би кентінің тұрғындары!

Жоғарыда айтылған бағдарлама менің жоспарлаған істерімнің бастамасы ғана. Сіздер мені қолдап дауыс берер болсаңыздар, сенімдеріңізден шығып, жұмыс істеуге әзірмін.

Сіздерді Әйтеке би кентін көркейтуге бірлесіп атсалысуға және 14 шілде күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – БҮКІЛ ҚОҒАМДЫҚ МӘСЕЛЕ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған күннен бастап жүйелі және мақсатты түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асырып келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негіздері «Қазақстан-2050» Стратегиясында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының Стратегиялық жоспарында көрініс тапты.

"Майдакөл ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында профилактикалық шараларды жүзеге асырып келеді.

Аппараттың 2024 жылға

арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар жоспары» бекітілді. 2023 жылдың қортындысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Жыл басынан бері заң талаптарын түсіндіру мақсатында құқықтық оқулар өткізіліп келеді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексында көзделген сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстар үшін жазалар және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексі мемлекеттік қызметкерлерге таныстырылды.

Мекеме қызметкерлері мен олардың

зайыптыларының кірістері мен мүліктері туралы декларация белгіленген мерзімде тапсырылды.

Аппарат қызметкерлері тарапынан әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылықтар, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің нормаларын бұзып тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар болған жоқ.

Бекітілген қабылдау кестесіне сәйкес, жеке және заңды тұлғалардың өкілдерімен жеке қабылдау апта сайын тұрақты жүргізіліп келеді. 28-2-40 «Сенім телефоны» жұмыс істейді.

Бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жарияланған материалдардың қоғамдық резонанс қалыптастыруының алдын-алу мақсатында интернет ресурстармен жұмыс істеуге жауапты маман бекітілді. Фейсбук әлеуметтік желісінен арнайы парақша жұмыс істейді. Әлеуметтік желіге атқарылған жұмыстар туралы ақпараттар салынуда.

Алдағы уақытта да Қазақстан Республикасының заңдылықтарының толық сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар жүргізілетін болады.

Қонысбек ҚҰРМАНБАЕВ,
«Майдакөл» ауылдық округінің әкімі

14 ШІЛДЕ – ӨКІЛЕТТІГІ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТЫЛҒАН ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

Әйтеке би кентінің әкіміне кандидат Сырғалиев Ақылбек Қажығалиұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Сырғалиев Ақылбек Қажығалиұлы 1987 жылы 11 желтоқсанда Қазалы ауданы, «Аранды» ауылында дүниеге келдім. Ұлтым қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын.

Қазалы ауданы, «Аранды» ауылындағы №97 орта мектептің 1 сыныбына қабылданып, 2004 жылы мектепті бітірдім.

2005 жылы М.Мәметова атындағы Қызылорда мемлекеттік гуманитарлық колледжіне «Мәдени-ағарту жұмысы және халықтық көркемдік шығармашылық» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2008 жылы бітірдім.

2014 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне «Музыкалық білім» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2017 жылы бітірдім.

2006 жылы «Аранды» ауылындағы «КазТелеРадио таратқыш» бөлімшесінің кезекші операторы болып жұмысқа қабылдандым. 2009 жылы сәуір айында басқа жұмысқа ауысуға байланысты жұмыстан босадым. 2009-2014 жылдары «Аранды» ауылдық клубының меңгерушісі болып қызмет атқардым. 2019 жылдың қыркүйек айынан бастап «Құмжиек» ауылдық округі әкімі аппаратының «Қ.Пірімов ауылдық клубы» мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі қызметін атқарып келемін.

Отбасылымын, 4 бала тәрбиелеп отырмын.

Әйтеке би кентінің әкіміне кандидат Сырғалиев Ақылбек Қажығалиұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентінің әкімі болу – кент халқымен тығыз қарым-қатынаста болып, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақты орнығуына, халықтың ұсыныс-пікірлерінің орындалуына, кентті көркейтуге адал қызмет ету. Сондықтан, бірінші кезекте төмендегі жұмыстарды қолға аламын:

Әйтеке би кентіндегі қоғамдық-саяси ахуалдың жайлы болуы, тұрғындардың кез келген мәселеде ауызбіршілік танытуы аса маңызды. Сондықтан, мемлекеттік бағдарламалардың кент төңірегінде іске асуы бағытындағы ортақ іске көпшілікті ұйымдастырып, жұмыс істеймін;

Халықтың бау-бақша егуіне және көшелерді көгалдандыру мақсатында аяқ су арықтарын қайта жаңғыртып, өзекті болған мәселенің оң шешімін табу үшін жұмыстар жүргіземін;

Тұрмысы төмен отбасылардың, көп балалы аналардың, мүмкіндігі шектеулі жандардың, жалғызбасты кісілердің жағдайларын бір сәт

назардан тыс қалдырмаймын. Жабырқағанның жанынан табылу-азаматтық парызым деп білемін;

Кезең-кезеңімен кентішілік көшелерді ретке келтіріп, жөндеу жұмыстарын жүргізуді тиісті мемлекеттік мекемелермен бірлесе үйлестіремін;

Кент көшелеріндегі тозығы жеткен электр желілерін орналастыру және қосалқы стансаларын (подстанция) жаңарту-бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бұл жұмыстардың да атқарылуына күшімді саламын;

Көшелерді түнгі жарық шамдармен қамтамасыз етуді және ескірген электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстарына қаржы бөлдіруге жұмыс істейтін боламын;

Қоғамдық тәртіптің сақталуына, кент жастарының тәрбиесі бойынша жүйелі жұмыстар жүргіземін;

«Ойласып пішкен тон келте болмас» дегендей мені Әйтеке би кентінің әкімі етіп сайлайтын болсаңыздар, сіздермен әрбір жұмысты ақылдаса, кеңесе жүзеге асыратын боламын.

Әйтеке би кентінің әкіміне кандидат Картабаев Казыбек Каржаубаевичтың ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Картабаев Казыбек Каржаубаевич 1981 жылы 25 қазанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жаңақазалы поселкесінде дүниеге келдім. Ұлтым қазақ, Қазақстан Республикасының азаматымын.

Тұрғылықты мекен жайым: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа батыр көшесі, №5 8 үй.

1987 жылы Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектебінің 1 сыныбына қабылданып, 1998 жылы Қ.Сәтбаев атындағы №216 мектепті бітірдім.

1998 жылы Астана қаласындағы

Қазақ мемлекеттік Заң университетін «Заңгер» мамандығы бойынша 2002 жылы бітірдім.

Еңбек жолымды 2003 жылдың сәуір айында Қарағанды қаласындағы «Казойлснаб» ЖШС-де менеджер болып бастадым.

2004-2005 жылдары «Жалаңтөс батыр» ЖШС-де оператор-информатик, 2006-2007 жылдары Қазалы ауданының «Майлыбас ауылдық округі әкімі аппаратының» маман юрист-консульты міндетін уақытша атқарушы, «Майлыбас ауылдық округі әкімі аппаратының» маман юрист-консульты, 2007-2010 жылдары «Майлыбас ауылдық округі әкімі аппаратының» бас маманы, 2010-2011 жылдары «Сарыкөл ауылдық округі әкімі аппаратының» жетекші маманы, «Сарыкөл ауылдық округі әкімі аппаратының» маманы, 2011-2012 жылдары Қызылорда облысының статистика департаментінің Қазалы аудандық статистика басқармасында курьер, 2012 жылдың маусым айынан бастап тамыз айы аралығында «Майлыбас ауылдық округі әкімі аппаратының» бас маманы міндетін уақытша атқарушы, ал 2012 жылдың тамыз айынан бастап осы кезге дейін «Майлыбас ауылдық округі әкімі аппаратының» бас маманы болып қызмет атқарып келемін.

Қазіргі кезде «Майлыбас» ауылдық округі әкімі аппараты коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бас маман болып қызмет етемін.

Әйтеке би кентінің әкіміне кандидат Картабаев Казыбек Каржаубаевичтың сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Қадірлі Әйтеке би кентінің тұрғындары!

ҚР Президентінің халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған бағдарламаларын басшылыққа алып, Әйтеке кентінің әкімі сайлауына түсіп, сайлауалды бағдарламамды ұсына отырып, азаматтық позициямды білдіргім келеді.

Әйтеке би кентінің әкімі болып сайланған жағдайда төмендегі жұмыстарды атқаратын боламын.

1.Кенттің тазалығын жақсартып, көркеюіне, көгалдануына атсалысамын.

2.Кенттегі ең өзекті мәселе-көшелердегі аяқ су мәселесін түбегейлі шешуді қолға аламын;

3.Әйтеке би кентіндегі көшелерді жарықтандыруға, тозығы жеткен электр бағаналары мен қосалқы трансформаторлық стансаларын ауыстыруға қаржы бөлдіремін;

4.Кенттегі «Ақарық» каналының бойынан автокөлік өтетін екі көпір салуға, сол арқылы қала мен кент аралығындағы көлік кептелісін шешуге күш саламын;

5.Қазалы темір жол

вокзалы аумағын қайта абаттандырып, заманауи жарықшамдарымен қамтамасыз етілуін қолға аламын;

6. Әйтеке би кенті аумағының жайылымдық жерін кеңейтуге жұмыс істеймін;

7.Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы аралығындағы төрт жолақты жолдың аяқталуына ықпал етіп, пайдалануға беруге жұмыс істеймін;

8.Кент тұрғындарының бау бақшамен айналысуына жағдай жасаймын. Ол үшін бақшалық жер белгілеп, жерді өңдеуге техника бөлемін;

9.Кент тұрғындарының тұрғын үй салуға жер телімін кезектілікпен алуына жәрдемдесемін;

10.Әйтеке би кентінен заманауи спорт кешенін салуға қаржы бөлдіремін;

11.Әйтеке би кентін толықтай орталықтандырылған кәріз жүйесіне (канализация) қосылуына ықпал етемін;

12.Кенттегі парктер мен скверлерге күрделі жөндеу жүргізіп, тұрғындар демалатын орынға айналдыруға жұмыс істейтін боламын.

ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІ, ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ ЖАЙЛЫ

Біздің ата-бабаларымыз күні бүгінге дейін таңның атуы мен күннің батуына дейінгі уақытты беске бөледі: таң, сәске, түс, екпінді, ақшам.

Осы дәстүр ислам дініндегі бес уақыт намаздың орнығуына себепші болыпты. Бір жыл ішінде күн мен түннің теңесетін мезгілдерін білу ата-бабамыз үшін өмір сүрудің қажеттілігі болған. Бүгінгі күнге дейін қазақтар әрбір маусымды үшке бөледі: қоңыр күз, сары күз, қара күз, немесе қыстың басы, қыстың ортасы, қыстың аяғы тағы басқа. Осыдан келіп он екі айға бөлетін танымдылық бастауы аңғарылады. Тіршіліктің тірегі – төрт түлік малын мәңгілік көктемге ілестіріп, қайырымы мол жер-ананы мәңгілік қолайлы «өндіріс құралы» ете білген.

Ата-бабаларымыздың ғасырлар сынынан өткен салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпы қоғам өмірін реттеді, үйлестіруде ұлы міндет атқарған. Түптеп келгенде, кез келген қоғамның, кез келген ұлттың мәдени-рухани өрісі салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың орнықтылығымен өлшенеді.

Бұл орайда ата-бабаларымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары ұдайы қоғам мүдесімен үндесіп, ұдайы өмір салты шындалуға қызмет етіп отырғанын көреміз. Қазақ халқының шежірешілдігі мен тарихы, санасының сергектігін осы қасиеттердің аясында танып-түсінуге болады.

Шежірешілдік көшпелі қоғамдағы әрбір қазақ үшін теңізшінің қолындағы компас сияқты қажеттілігі болған.

Кең даланы өмір сахнасы етіп, ат үстінде айшылық жерге сапар шегетін қазақтың жолшыбай ұшырасқан адамымен туысқандай шұқырасып табысып, жолшыбай кездескен ауылға өз үйіндей еркінсіп түсуі, ең алдымен сол далада тіршілік құрудың кепілі болған. Сондықтанда бұл далада адам жасқанбай, бауырмал болу – көшпелі өмір салтының бұлжымас заңына, бұзылмас әдет-ғұрыпына айналған. Мұндай әдет-ғұрыпсыз осынау байтақ даланы игеріп, тіршілік құру мүмкін емес еді.

Қазақтың спорттық ойынына келетін болсақ көкпар, бәйге, аударыспақ батырлық, ептілікке, бұлшық етті шынықтырып, құмарлықты оятар, есеппен тәуекелге бел байлауға, тіпті өзінің ары мен намыс-атағы үшін өлімге бас тигуге дейін баратын дәстүрлі ұлттық спорттық ойындар.

Тәрбие жұмысында салт-дәстүрімізді ескінің сарқыншағы деп қарайтын болсақ онда сорақы жаңсақтыққа ұрынарымыз сөзсіз, жеңіл ойлы, нашар, ебедейсіз, қапал болып өсіп келе жатқан ұрпақтар, тіпті су жүрек қажырсыз-қайратсыз, бас қамын ғана ойлайтындар ұшырасады. Бұлардан келешекте отанды, елді, жерді қалай қорғайды деп ойлайсың. Адам бойында өнегелікті қалыптастыруға тәрбиелеу арқылы қол жеткізеді. Отбасыңды, халқыңды, отаныңды, үлкенді сыйлау, заңды, тәртіпті, салт-дәстүрлерді сақтау, өмірлік әрі рухани қажеттілік болып табылады.

Бұл ағымдар тәрбие арқылы сана-сезімге сіңіріледі де адамның бойында саналы іс-әрекет жасау үшін дербес мінез-құлық қалыптастырады. Тәрбиедегі бірегей мақсат-саналылық бұл ең басты мәселе.

Жеткербай МАХАМБЕТ,
ардагер ұстаз

БАС ИМАМ ЖУРНАЛИСТІ МАРАПАТТАДЫ



Аудандық орталық «Жанқожа батыр» мешітінің бас имамы Нұрдаулет Асқарұлы Бұқаралық ақпарат құралдары мерекесіне орай бас мешіттің баспасөз хатшысы Беганыш Жақсыбайды мерекесімен құттықтап, қаржылай сыйлықпен марапаттады.

-ҚР ішкі істер министрлігінің құрметті ардагері, ҚР Журналистер Одағының мүшесі, мешітіміздің жасы үлкен қариясы Беганыш атамизды мерекесімен шынайы көңілмен құттықтап, деніне саулық, отбасына бақ-береке тілеймін, әлі де жазарыңыз көбейсін деген бас имам 30000 теңге көлемінде қаржылай сыйлығын табыстады.

Марапат иесі Беганыш қария – Тақуалық жолмен тура жүріп, ізгі амалдар жасаған сауатты да сауапты құрметтеріңізге Алланың разылығымен пайғамбарымыздың (с.ғ.с) шапағатына бөлене беріңіздер - деп батасын берді.

Марғұлан НҰРЛАНҰЛЫ,
«Жанқожа батыр»
мешітінің наиб имамы

● Маманның кеңесі

АСА ҚАУІПТІ ҚҰТЫРМА АУРУЫ

Құтырма – адамдар мен жануарларға тән, жүйке жүйесін зақымдайтын аса қауіпті жұқпалы ауру. Ауру адамдарға құтырған жан жануарлар тісін батырғанда, адамның терісінің зақымданған жеріне сілекейін жаққанда жұғуы мүмкін. Бұл ауру адамдарға үй жануарларынан, иттерден, мысықтардан, сонымен қатар ет коректі аңдардан жұғады.

Құтырма ауруының жасырын кезеңі (ауру қоздырғышы организмге енгеннен бастап, ауру белгілері пайда болғанға дейінгі аралық) 10 күннен 1 жылға дейін, көбінесе 1-3 айға созылады. Аурудың жасырын кезеңі аяқталғаннан кейін науқас елеріп, тыныс алысы бұзылады, жұтынуы қиындап, аяқ қолының жаны кетеді.

Егер сіз иттен, мысықтан немесе басқа жануарлардан жарақат алсаңыз дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Меншік нысанына қарамастан кез келген медицина мекемесінде жарақатты алғашқы өңдеу жүргізілуі тиіс (жарақатты жуу, өңдеу, асептикалық таңғыш қою)

және құтыру ауруына қарсы антирабикалық вакцина салынуы ұйымдастырылады.

Сонымен қатар жарақат салған ит, мысық немесе басқа да жануар туралы білетініңіздің бәрін: иесінің аты-жөні, өзіңіздің оған қай жерде тап болғаныңызды, оны бұрын көрген-көрмегеніңізді, көрсеніз қашан және қайдан көргеніңіз туралы айтуыңыз өте маңызды.

Құтыру ауруына қарсы екпені жүргізу ұзақтығы жарақат салған жануардың белгілі немесе белгісіз болуына байланысты болады.

Жарақат алған адамға құтыру ауруына қарсы екпе жүргізу үшін жарақат салған жануардың белгілі болуы маңызды екендігін білгеніңіз жөн.

Елді мекендердің маңайына тасталған мал өлекселерін жабайы аңдар мен елді мекен ішіндегі ит, мысықтар бірлесе жеп, жабайы аңдардың сілекейлерін ит пен мысықтар елді мекенге енгізуде. Ал елді мекендегі ит пен мысықтар тұрғындармен, оның ішінде балалар тығыз байланыста болып, құтырма вирус

жұқтыру қаупін арттырып отыр. Өйткені жабайы аңдардың сілекейінде 100 пайыз құтырма вирусы болады. Сондықтан мал өлекселерінің әр жерге тасталуына жол бермей, арнаулы мал қорымдарына тасталуы тиіс.

Кез келген жануар, әсіресе ит пен мысық оқыс мінез көрсетіп, алас ұрса, дереу ветеринарлық дәрігерге көрсету қажет. Мұндай жануарлардың иелері еш уақытта өздігінен көмек көрсетуіне болмайды, себебі бұл адам өміріне өте қауіпті.

Құтырма ауруының алдын алудың ең негізгі жолы – бұл құтырмаға қарсы дер кезінде антирабикалық вакцина ектіру болып табылады. Сондықтан әрбір тұрғын иттен, мысықтан және басқа жануарлардан жарақат алғаннан кейін міндетті түрде дәрігердің нұсқауы бойынша егуге қарсылық білдірмей, құтырмаға қарсы антирабикалық вакцина алуы тиіс.

Мархаба ЖАҚЫП,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.